

## Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың келіп тұсу және пайдалану қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 18 қарашадағы № 349 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 желтоқсанда № 4546 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 7 қыркүйектегі № 237-қ қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал ауданы әкімдігінің 07.09.2015 № 237-қ қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 148 Заңының 31 бабының 1-тармағының 2 тармақшасына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы N 413 Заңының 18 бабының 22-тармақшасына және 31 бабына, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі N 49-ө әкіміне сәйкес Арал ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың келіп тұсу және пайдалану қағидасы" бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Е. Раймбетовке жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің*

*міндеттін атқарушы*

*M. Oразбаев*

Арал ауданы әкімдігінің  
2013 жылғы 18 қарашадағы  
N 349 қаулысымен бекітілген

## **Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың келіп тұсу және пайдалану қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы қағида Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық Кодексіне, "Мемлекеттік мұлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес жасақталды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың келіп тұсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Өзінің бағуында және пайдалануында қараусыз қалған жануарлар болған адам өзінің бағуындағы жануарларды меншігіне алудан бас тартқан кезде олар аудандық коммуналдық меншікке түседі және осы қағидаға сәйкес пайдаланылады.

## **2. Жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп тұсу тәртібі**

3. Жануарлардың аудандық коммуналдық меншікке келіп тұсуі тапсыру-қабылдау актісі негізінде жүзеге асырылады. Тапсыру-қабылдау актісінде аудандық коммуналдық меншікке түсетін жануарлардың түрі, жынысы, тұсі, жасы көрсетілуі тиіс. Тапсыру-қабылдау актісі жануарларды тапсырған тұлғаның, кент, ауылдық округ әкімі (бұдан әрі – әкім), "Арал аудандық ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ветеринария бөлімі), "Арал аудандық қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – қаржы бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады. Тапсыру-қабылдау актісін қаржы бөлімінің басшысы бекітеді.

4. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін жануарларды қабылдау – беру актісі негізінде теңгерімге алу "Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы N 393 Бұйрығымен жүзеге асырылады.

## **3. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарларды пайдалану тәртібі**

5. Жануарларды есепке алу, бағалау, сату шығындары жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Жергілікті атқарушы орган жануарларды уақытша күтімге алатын жеке немесе занды тұлғаларды анықтау кезінде олардың жануарларды күтімге алу жағдайына алдын-ала зерттеу жүргізеді. Зерттеу барысында міндетті түрде күтімге алатын жеке немесе занды тұлғаның жануарды демалу, орын ауыстыру және табиғи қалпын қабылдау мүмкіндігі үшін кеңістік көлемімен, қажет болған жағдайда олардың қозғалу, ұйықтау, табиғи белсененділік таныту, табиғи ортамен байланыс жасау, қоректену және су ішу қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігімен, астаулармен, суаттармен және олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған басқа да жабдықтармен, жем-шөппен және ішетін

сүмен, сонымен қатар жануарларға адамгершілік тұрғыда қарай алатыны ескерілуі тиіс.

7. Аудандық коммуналдық меншікке келіп түскен жануарлар оларды уақытша күтімге алу үшін жергілікті атқарушы орган анықтаған жеке немесе занды тұлғаларға қаржы бөлімімен келісім шарт негізінде бекітіліп беріледі.

8. Жануарларды күтімге алу шығыны жеке немесе занды тұлғаға қаржы бөлімімен жергілікті бюджет есебінен өтеледі.

9. Жануарларды бағу мен пайдалануына берілген жеке немесе занды тұлға жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады.

10. Аудандық коммуналдық меншікке түскен жануарларды ветеринариялық қадағалау және жұқпалы ауруларға қарсы егу іс-шаралары ветеринария бөлімінің қадағалауымен жүзеге асырылады. Ветеринариялық қадағалау және егу шығындары жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

11. Аудандық коммуналдық меншікке түскен қараусыз қалған жануарлар аукцион арқылы сатылады. Жануарларды сатудан түскен қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне толық есептеледі.

#### **4. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару**

12. Жануарлар аудандық коммуналдық меншікке өткеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген жағдайда, осы жануарлардың бұрынғы меншік иесіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не езгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін мән-жайлар болған кезде – ауданның тиісті жергілікті атқарушы органдарымен келісім бойынша айқындалатын шарттармен, ал келісімге қол жеткізілмеген жағдайда сот тәртібімен оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

13. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің оларды бағуға байланысты шығынды жергілікті бюджет кірісіне өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

14. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен жағдайда жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Бұл жағдайда жануарларды бағуға және пайдалануына байланысты жұмсалған қаржының мөлшері шегеріледі.

15. Жануарларды қайтару немесе оның құнын өтеу бұрынғы меншік иесі мен қаржы бөлімі арасында жасалатын келісім-шартпен рәсімделеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК